



"Еңбек инспекциясы туралы 1947 жылғы конвенцияны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 ақпан N 184

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Еңбек инспекциясы туралы 1947 жылғы конвенцияны бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Еңбек инспекциясы туралы
1947 жылғы конвенцияны бекіту туралы

1947 жылғы 11 шілдеде Женевада қабылданған Еңбек инспекциясы туралы
1947 жылғы конвенция бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕҢБЕК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ОТЫЗЫНШЫ СЕССИЯ

Женева, 1947 ж. 19 маусым - 11 шілде

81-КОНВЕНЦИЯ

ӨНЕРКӘСІПТЕГІ ЖӘНЕ САУДАДАҒЫ ЕҢБЕК ИНСПЕКЦИЯСЫ

1

ТУРАЛЫ КОНВЕНЦИЯ

Женевада Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі шақырған және

1947 жылдың 19 маусымында өзінің отызыншы сессиясына жиналған, Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас Конференциясы

сессияның күн тәртібінің төртінші тармақ болып табылатын өнеркәсіптегі және саудадағы еңбек инспекциясы туралы бірқатар ұсыныстарды қабылдауды қаулы ете отырып,

осы ұсыныстарға халықаралық конвенция нысанын беруді шеше отырып, бір мың тоғыз жүз елу жетінші жылдың шілде айының он бірінші жұлдызында 1947 жылғы Еңбек инспекциясы туралы конвенция деп атауға болатын төмендегі Конвенцияны қабылдайды:

I-бөлім. Өнеркәсіптегі еңбек инспекциясы

1-бап

Осы Конвенцияны таныған Еңбек Ұйымының әрбір Мүшесі өнеркәсіптік кәсіпорындарында еңбек инспекциясының жүйесін енгізуге міндеттенеді.

2-бап

1. Өнеркәсіптік кәсіпорындарындағы еңбек инспекциясының жүйесі еңбек жағдайлары және еңбекшілерді қорғау жөніндегі заңдардың ережелерін жұмыс барысында олардың қолдануын қамтамасыз етуге міндетті еңбек инспекторларына қатысты барлық кәсіпорындарға қолданылады.

2. Ұлттық заңнама бойынша тау-кен және көлік өнеркәсібінің кәсіпорындары

немесе осы кәсіпорындардың бір бөлігі осы Конвенцияның ықпалына жатқызылмауы
д а м ү м к і н .

3-бап

1. Еңбек инспекциясы жүйесінің міндетіне төмендегілер кіреді:

а) еңбек инспекторларының аталған ережелердің қолданылуын тиісті қамтамасыз етуі қажеттілігіне қарай, еңбекшілердің жұмыс барысында, оларға еңбек жағдайларын жасау және олардың қауіпсіздігін қорғау саласындағы заңнама ережелерін, мәселен, жұмыс күнінің ұзақтығы, еңбек қауіпсіздігі, денсаулық сақтау мен әл-ауқаты, балалар мен жасөспірімдердің еңбегін пайдалану туралы және басқа да осындай мәселелер жөніндегі ережелерді қолдануды қамтамасыз ету;

б) кәсіпкерлер мен еңбекшілерді техникалық ақпаратпен және заңнама ережелерін сақтаудың аса тиімді құралдары туралы кеңестермен қамтамасыз ету;

с) қолданылып жүрген заңнама ережелерінің ықпалына жатпайтын әрекетсіздік немесе теріс пайдаланушылық фактілері туралы өкіметтің құзыретті органына хабарлау .

2. Егер еңбек инспекторларына басқа функциялар тапсырылса, олар инспекторлардың негізгі функцияларын жүзеге асыруға кедергі жасамауға және инспекторларға олардың кәсіпкерлермен және еңбекшілермен қарым-қатынастарындағы қажетті беделіне немесе риясыздығына ешбір жағдайда н ұ қ с а н к е л т і р м е у г е т и і с .

4-бап

1. Еңбек инспекциясы Ұйым Мүшесінің әкімшілік тәжірибесімен сыйысатын дәрежеде орталық өкіметтің қарауында және бақылауында болады.

2. Федеративтік мемлекет үшін "орталық орган" деген сөз не федерацияның орталық органы, не федерацияның құрамдас бөліктерінің бірінің федералдық органы дегенді білдіруі мүмкін .

5-бап

Өкіметтің құзыретті органы:

а) бір жағынан - инспекция қызметтері, екінші жағынан - басқа да мемлекеттік қызметтер, сондай-ақ осындай қызметте жүзеге асыратын мемлекеттік және жеке мекемелердің арасындағы тиімді ынтымақтастыққа;

б) еңбек инспекциясы қызметшілері мен кәсіпкерлер және еңбекшілер немесе олардың ұйымдарының арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдесу үшін тиісті шаралар қ о л д а н а д ы .

6-бап

Инспекцияның персоналы мәртебесі мен жұмыс жағдайлары олардың лауазымда болуының тұрақтылығын қамтамасыз ететін және оларды үкіметтегі кез келген өзгерістерден немесе кез келген сыртқы ықпалдардан тәуелсіз ететін мемлекеттік қ ы з м е т ш і л е р д е н т ұ р а д ы .

7-бап

1. Жұмысқа қабылдау ұлттық заңнамаға сәйкес мемлекеттік мекемелерге қызметшілерді қабылдаудың ережелері сақталған жағдайда, еңбек инспекторына жүктелетін міндеттерге үміткердің жарамдылығы негізінде ғана жүргізіледі.

2. Мұндай жарамдылықты тексерудің әдістерін өкіметтің құзыретті органы б е л г і л е й д і .

3. Еңбек инспекторлары өз функцияларын жүзеге асыру үшін тиісті даярлықтан е т е д і .

8-бап

Инспекция қызметкерлерінің құрамына ер адамдармен бірге, әйелдер де кіруі мүмкін. Қажет болған жағдайда, ер адам инспекторлар мен әйел инспекторларға тиісінше ерекше міндеттер жүктелуі мүмкін.

9-бап

Ұйымның әрбір Мүшесі денсаулық сақтау және еңбекшілердің жұмыс істеген кезіндегі қауіпсіздігіне қатысты заңнамалық ережелердің қолданылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ қолданылып жүрген тәсілдердің, материалдардың және әдістердің еңбекшілердің денсаулығына және қауіпсіздігіне тигізер әсері туралы ақпарат алу мақсатында, медицина, механика, электр және химия салаларындағы мамандарды қоса алғанда, білікті сарапшылар мен мамандарды, инспекция жұмысының ұлттық ерекшеліктерге сәйкестігі ең жоғары болып танылған нысандарына тарту үшін қажетті шаралар қабылдайды.

10-бап

Инспекциялық қызметтің функцияларын тиімді түрде іске асыру үшін

еңбек инспекторларының жеткілікті санын қамтамасыз ету мақсатында шаралар қолданылуы тиіс, және осы сан төмендегілер ескеріле отырып белгіленеді:

а) инспекторлар орындауға тиісті міндеттердің маңыздылығы, атап айтқанда:

i) инспекциялауға жататын кәсіпорындардың саны, сипаты, мөлшері және орналасқан жері;

ii) осы кәсіпорындарда жұмыс істейтін еңбекшілердің саны мен санаттары;

iii) қолданылуын олар қамтамасыз етуге тиісті заңнама ережелерінің саны мен күрделілігі;

б) инспекторлардың иелік етуіне берілген материалдық құралдар және;

с) тиімді болу үшін олардың кезінде инспекциялық тексерулер жүргізілуі тиіс іс жүзіндегі жағдайлар.

11-бап

1. Өкіметтің құзыретті органы еңбек инспекторының иелігінде төмендегілердің болуы үшін қажетті шаралар қабылдайды:

а) инспекция қызметінің мұқтаждықтарына сәйкес жабдықталған және барлық мүдделі тұлғаларға мүмкіндігінше ашық жергілікті бюролар;

б) тиісті қоғамдық көлік құралы болмаған жағдайда, олардың функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті көлік құралдары.

2. Өкіметтің құзыретті органы функцияларының еңбек инспекторларына, орындалуы үшін қажетті барлық көліктік және кез келген қосымша шығындарды өтеу мақсатында қажетті шаралар қабылдайды.

12-бап

1. Өздерінің өкілеттіктерін растайтын құжаттары бар еңбек инспекторлары төмендегілерге құқылы:

а) инспекцияның бақылауына жататын кез келген кәсіпорынға тәуліктің қай уақытында болмасын алдын ала хабарламастан кедергісіз кіруге;

б) инспекцияның бақылауына жатады деп есептеуге өздерінің жеткілікті негіздері бар барлық ғимараттарға күндізгі уақытта кіруге;

с) заңнама ережелерінің тиімді сақталатындығына көз жеткізу үшін олар қажет деп санай алатын кез келген тексерулерді бақылауды және зерттеулерді жүзеге асыруға, а т а п а й т қ а н д а :

i) кәсіпкерге немесе кәсіпорынның қызметкерлеріне заңнама ережелері қолданылатын барлық салалар бойынша жеке немесе куәгерлердің қатысуымен с ұ р а қ т а р қ о ю ғ а ;

ii) жүргізілуі еңбек жағдайлары мәселелері жөніндегі заңдармен ұйғарылған кез келген кітаптың, тізілімнің және құжаттың заңнама ережелеріне сәйкестігін тексеру және олардың көшірмесін немесе кейбір жерлерінен үзінділерді түсіріп алу мақсатында о л а р м е н т а н ы с у д ы т а л а п е т у г е ;

iii) заңнама ережелерінде көзделгеніндей, хабарландыруларды ілуді талап етуге;

iv) материалдардың немесе заттардың талдау мақсатымен алынғанын және әкетілгенін кәсіпкерді немесе оның өкілін хабардар еткен жағдайда, пайдаланатын немесе өңдейтін материалдар мен заттардың үлгілерін талдау үшін алуға немесе өзімен бірге алып кетуге.

2. Хабарлау бақылаудың тиімділігіне нұқсан келтіреді деп есептемесе, инспекциялық тексеріс жүргізілетін жағдайда, өзінің баратындығы туралы кәсіпкерге немесе оның өкіліне хабарлайды.

13-бап

1. Қайсыбір құрылыстағы, жабдықтағы немесе еңбек тәсілдеріндегі еңбекшілердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатер төндіреді деп санауға негіз бар болса, инспекторлар кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдауды талап ете алады.

2. Еңбек инспекторларының осындай шаралар қабылдауына мүмкіндігі болуы үшін, ұлттық заңнамада көзделуі мүмкін сот немесе әкімшілік органдарына шағымдану құқығы сақталған жағдайда, оларға мынадай өкімдер беруге немесе ол туралы талап қоюға уәкілеттік беріледі:

а) еңбекшілердің денсаулығын сақтау және қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі заңнама ережелерінің қатал сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті, құрылыстарға белгілі мерзімде осындай өзгерістерді енгізу туралы;

б) еңбекшілердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне тікелей қауіп-қатер төнген жағдайда - шұғыл орындауға жататын тиісті шаралар қабылдау туралы.

3. Егер 2-тармақта көзделген рәсім Ұйым Мүшесінің әкімшілік және сот практикасына қайшы келсе, инспекторлар дереу атқарылуға жататын шаралардың қабылдануы жөнінде өкіметтің құзыретті органына нұсқама немесе өкім шығару мақсатында өтініш жасауға құқылы.

14-бап

Өндірістегі жазатайым оқиғалар туралы және кәсіби аурулар туралы ақпарат еңбек инспекцияларына осы ұлттық заңнамада көрсетілген жағдайларда ғана беріледі.

15-бап

Ұлттық заңнамада көзделуі мүмкін айрықшалықтар сақталған жағдайда, еңбек инспекторларына :

а) өз бақылауындағы кәсіпорындардың жұмысына тікелей немесе жанама түрде қатысуға тыйым салынады ;

б) өздеріне таныс өндірістік немесе коммерциялық құпияларды немесе өз функцияларын жүзеге асырған кездегі өндірістік процестерді, оларды тіпті қызметтен кеткеннен кейін де жария етпеу, қылмыстық санкциялардың немесе тиісті тәртіптік шаралардың ықпалы арқылы, олардың міндетіне жатқызылады;

с) кемшіліктерге немесе заңнама ережелерінің бұзылуына жасалған кез келген шағым көздерін аса құпиялы деп санауға және инспекциялық тексерулердің осындай шағымның түсуіне байланысты болғандығын кәсіпкерге немесе оның өкіліне хабарламауға ұйғарым беріледі.

16-бап

Кәсіпорындарды тексерудің жиілігі және жан-жақтылығы тиісті заңнама ережелерін тиімді қолдануды қамтамасыз ету қажеттілігіне қарай жүзеге асады.

17-бап

1. Жүзеге асырылуы еңбек инспекторларына жүктелген заңнама ережелерін бұзған немесе оны сақтаудан жалтарған адамдар алдын ала хабарландырылмастан, сот арқылы қудалауға кешіктірілместен тартылады. Алайда, ұлттық заңнамада ерекше жағдайлар ескерілуі мүмкін, болған жағдайды түзеу үшін немесе ескерту шараларын қабылдау үшін алдын ала ескерту жасалынуы тиіс.

2. Сот арқылы іс қозғаудың немесе оны қозғауға ұсыныс жасаудың орнына ескерту жасау немесе кеңес беру керектігі туралы мәселені инспекторлардың өздерінің шешуіне құқығы бар .

18-бап

Қолданылуы еңбек инспекторларының бақылауына жататын заңнама ережелерінің бұзылғаны үшін және еңбек инспекторларына, олар міндеттерін атқару кезінде көрсетілген қарсы әрекеттер үшін ұлттық заңнама бойынша тиісті санкциялар көзделеді және олар тиімді қолданылады.

19-бап

1. Еңбек инспекторлары немесе жергілікті инспекциялық қызметтер өздерінің қызметінің қорытындылары туралы инспекциялық қызметтің орталық органына ара-тұра жалпы сипаттағы баяндамалар ұсынады.

2. Осы баяндамалар орталық органның нұсқамаларына сәйкес әзірленеді және осы органдардың ара-тұра көтеретін мәселелерін қамтиды; олар орталық органның талап етуіне қарай, бірақ жылына кемінде бір рет ұсынылады.

20-бап

1. Инспекцияның орталық органы өзінің бақылауындағы инспекциялық қызметтердің жұмысы туралы жалпы сипаттағы жыл сайынғы баяндамаларды жариялап отырады.

2. Осы баяндамалар жасалған жылдан кейінгі он екі айдан аспайтын ыңғайлы кезеңде жарияланады.

3. Жыл сайынғы баяндамалардың даналары, олар жарияланғаннан кейінгі мерзімде, бірақ үш айдан кешіктірілмей, Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберіледі.

21-бап

Инспекция қызметінің орталық органы жариялайтын жыл сайынғы баяндамаларда, осы орталық органның бақылауына жататын шамада, мынадай және барлық өзге де іске қатысты мәселелер қамтылады:

- а) еңбек инспекциясының қызметіне қатысты заңдар мен қаулылар;
- б) еңбек инспекциясының қызметкерлері;
- с) еңбек инспекциясының бақылауындағы кәсіпорындар туралы статистикалық деректер мен осы кәсіпорындарда жұмыс істейтін еңбекшілер саны;
- д) инспекциялық тексерулер туралы статистикалық деректер;
- е) орын алған тәртіп бұзушылықтар және қолданылған санкциялар туралы статистикалық деректер;
- ф) өндірістегі жазатайым оқиғалар туралы статистикалық деректер;
- г) кәсіби аурулар туралы статистикалық деректер.

II-бөлім. Саудадағы еңбек инспекциясы

22-бап

Конвенцияның осы бөлігінің күші қолданылатын Халықаралық Еңбек Ұйымының әрбір Мүшесі сауда кәсіпорындарында еңбек инспекциясының жүйесін енгізуге міндеттенеді.

23-бап

Еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғау жөніндегі заңнама ережелерін, еңбекшілердің жұмыс барысында қолдануды еңбек инспекторлары қамтамасыз етуге тиісті кәсіпорындар сауда кәсіпорындарындағы еңбек инспекциясының жүйесімен қамтылады.

24-бап

Сауда кәсіпорындарындағы еңбек инспекциясының жүйесі осы Конвенцияның 3-21 баптарының талаптарына сәйкес келеді, өйткені олар қолданымды.

III-бөлім. Әр түрлі ережелер

25-бап

1. Осы Конвенцияны бекітетін Ұйымның кез келген Мүшесі ратификация туралы құжатқа оның осы Конвенция бойынша міндеттемелер қабылдауының II-бөлімге қолданылмауы көрсетілген өтінішті қоса тіркеуі мүмкін.

2. Осындай өтініш жасаған Ұйымның кез келген Мүшесі кез келген уақытта кейінгі өтінішімен оның күшін жоя алады.

3. Осы баптың 1-тармағына сәйкес өтініш жасаған Ұйымның кез келген

Мүшесі, өзінің осы Конвенцияны қолдану туралы жыл сайынғы баяндамаларында осы Конвенцияның II-бөліміндегі ережелерге қатысты қолданылатын заңдар мен қолданылудың ахуалы туралы хабарлайды және аталған ережелер қандай дәрежеде жүзеге асырылғанын немесе жүзеге асыру көзделетінін көрсетеді.

26-бап

Осы Конвенция кез келген кәсіпорынға немесе оның қайсыбір бөлігіне немесе қызметіне қолданылатындығына сенім болмаған жағдайда, бұл мәселені өкіметтің құзыретті органы шешеді.

27-бап

Осы Конвенцияда "заңнама ережелері" деген термин заң ережелерінен басқа, олардың қолданылуын еңбек инспекторлары қамтамасыз етуге тиісті аралық соттардың заң күші бар шешімдері мен ұжымдық шарттарды білдіреді.

28-бап

Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 22-бабына сәйкес ұсынылатын жыл сайынғы баяндамаларда осы Конвенцияның ережелерін күшіне енгізетін ұлттық заңнаманың барлық ережелері туралы толық ақпарат көрсетіледі.

29-бап

1. Егер Ұйым Мүшесінің аумағында үлкен аудандар болып, өкіметтің құзыретті

органы онда халықтың бытыраңқылығы немесе ауданның даму деңгейі салдарынан осы Конвенцияның ережелерін қолдану іс жүзіне мүмкін емес деп есептесе, өкіметтің осы органы осындай аудандарды Конвенцияның қолданылу ықпалынан, толық немесе жекелеген кәсіпорындар мен кәсіптерге қатысты кейбір айрықшалықтарды қоспағанда, а л ы п т а с т а й а л а д ы .

2. Ұйымның әрбір Мүшесі Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 22-бабына сәйкес ұсынатын осы Конвенцияны қолдану туралы өзінің жыл сайынғы бірінші баяндамасында, оларға қатысты осы баптың ережелерін пайдаланатын ниеті бар аудандарды, сондай-ақ осы ережелерді пайдалану ниетінің себептерін көрсетеді. Ұйым Мүшелерінің ешқайсысы өзінің жыл сайынғы бірінші баяндамасы жасалғаннан кейін, сол баяндамада көрсетілген аудандарды қоспағанда, осы баптың ережелерін қолдана а л м а й д ы .

3. Осы баптың ережелерін қолданатын Ұйымның әрбір Мүшесі өзінің кейінгі жыл сайынғы баяндамаларында аталған ережелерді қолдануға қатысты құқығынан өзі бас тар т а т ы н а у д а н д а р д ы көрсетеді.

30-бап

1. 1946 жылғы Халықаралық Еңбек Ұйымының Жарғысына түзету енгізу туралы актіге сәйкес өзгертілген Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 35-бабында аталған аумақтарға қатысты, аталған баптың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген аумақтарды қоспағанда, осы Конвенцияны бекітетін Ұйымның әрбір Мүшесі Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына бекіткеннен кейін мүмкіндігінше қысқа мерзімде, төмендегілерді көрсете отырып, өтініш жібереді:

а) Ұйымның мүдделі Мүшесі оларға қатысты осы Конвенцияның ережелерін өзгеріссіз қолдануға міндеттенетін аумақтар;

б) өзгерістер енгізілгендерді қосқанда, осы Конвенцияның ережелерін қолдануға міндеттенетін аумақтар және осы өзгерістердің ерекшеліктері;

с) Конвенция қолданылмайтын аумақтар және қолданылмаудың себептері;

д) оған қатысты шешім қабылдаған аумақтар.

2. Осы баптың 1-тармағының а) және б) тармақшаларында көрсетілген міндеттемелер ратификацияның ажырамас бөлігі болып саналады және оның салдары о л а р м е н б і р д е й б о л а д ы .

3. Ұйымның кез келген Мүшесі өзінің жаңа өтініші арқылы осы баптың 1-тармағының б), с) және д) тармақшаларының күшіне байланысты, өзінің бұдан бұрынғы өтінішіндегі ескертпелерінен толық немесе ішінара бас тарта алады.

4. Ұйымның кез келген Мүшесі осы Конвенцияның күші жойылуы мүмкін кезеңдерде Бас Директорға 34-баптың ережелеріне сәйкес бұның алдындағы кез келген өтінішіндегі кез келген басқа жағдайларды өзгертетін және белгілі бір аумақтардағы ахуал туралы хабарлайтын жаңа өтініш жібере алады.

31-бап

1. Осы Конвенцияда көзделген мәселелер метрополиядан тыс орналасқан аумақтар өкіметтерінің құзыретінде болған жағдайда, осы аумақтардың халықаралық қарым-қатынастарына жауапты Ұйым Мүшесі, осы аумақтағы үкіметпен келісе отырып, Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына, осы Конвенция бойынша сол аумақтың атынан міндеттерді өзіне алуы туралы өтініш жібере алады.

2. Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілетін осы Конвенция бойынша міндеттерді өзіне алуы туралы өтінішті төмендегілер жолдай алады:

- а) аумаққа бірлесіп басқару жүргізіп отырған екі не одан да көп Ұйым Мүшелері;
- б) Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы ережелерінің немесе осы аумаққа қатысты қолданылатын басқа қаулының негізінде белгілі бір аумақты басқаруға жауапты кез келген халықаралық өкімет.

3. Осы баптың алдыңғы тармақтарындағы ережелерге сәйкес Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілетін өтініштерде осы Конвенцияның ережелері аталған аумақта өзгерістерімен немесе өзгерістерінсіз қолданылатындығы көрсетіледі; егер өтініште осы Конвенцияның ережелері өзгерістерімен қоса қолданылады деп көрсетілсе, онда осы өзгерістер нақтылы көрсетіледі.

4. Мүдделі Ұйымның Мүшесі немесе Мүшелері немесе халықаралық билік

орындары жаңа өтініш арқылы кез келген уақытта алдыңғы өтініштердің бірінде айтылған өзгерістерді пайдалану құқығынан толық немесе ішінара бас тартуы мүмкін.

5. 34-баптың ережелеріне сәйкес Конвенцияның күші жойылуы мүмкін кезеңдерде Мүдделі Ұйымның Мүшесі немесе Мүшелері немесе халықаралық билік орындары Бас Директорға мұның алдындағы кез келген өтініштің шарттарын кез келген қатынаста өзгертетін және осы Конвенцияның қолданылуына қатысты болған ережелер туралы хабарлайтын жаңа өтініш жіберуі мүмкін.

IV-бөлім. Қорытынды ережелер

32-бап

Осы Конвенцияны бекіту туралы ресми құжаттар тіркеу үшін Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберіледі.

33-бап

1. Осы Конвенция ратификациялау туралы құжаттарын Бас Директор тіркеген Халықаралық Еңбек Ұйымының Мүшелерін ғана байланыстырады.

2. Осы Конвенция Ұйымның екі Мүшесінің ратификациялау туралы құжаттарын Бас Директор тіркелгеннен кейінгі он екі ай өткен соң күшіне енеді.

3. Кейінгі уақыттарда, осы Конвенция Ұйымның әрбір Мүшесіне қатысты, оның ратификациялау туралы құжаты тіркелгеннен кейінгі он екі айдан соң күшіне енетін б о л а д ы .

34-бап

1. Осы Конвенцияны бекіткен Ұйымның кез келген Мүшесі, оның бастапқы күшіне енген кезінен он жыл өткеннен соң, оның күшін Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілген және онда тіркелген денонсациялау туралы акт арқылы күшін жоя алады. Денонсациялау туралы акт тіркелгеннен кейін бір жылдан соң күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияны бекіткен Ұйымның әрбір Мүшесі өзінің осы бапта көзделген денонсациялау құқығын осының алдындағы тармақта аталған он жылдық кезең өткеннен соң бір жылдың ішінде пайдаланбаса, ол тағы да келесі он жылдық кезеңге созылады және кейін, әрбір он жылдық кезең өткен сайын, осы бапта көзделген тәртіпті сақтай отырып, осы Конвенцияның күшін жоя алады.

35-бап

1. Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры өзінің Ұйым Мүшелерінен

алған бекіту туралы құжаттарды, күшін жою туралы өтініштер мен актілерді тіркегені туралы Халықаралық Еңбек Ұйымының барлық Мүшелеріне хабарлайды.

2. Бас Директор алынған бекіту туралы екінші құжатты тіркеу жөнінде

Ұйым Мүшелеріне хабарлай отырып, олардың назарын осы Конвенцияның күшіне енген күніне аударады.

36-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры осының алдындағы баптарға сәйкес тіркелген бекіту туралы құжаттарға, күшін жою туралы өтініштер мен актілерге қатысты толық мәліметтерді Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жібереді.

37-бап

Әрқашан, Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі қажет деп есептеген жағдайда, ол Бас Конференцияға осы Конвенцияны қолдану туралы баяндама ұсынады және Конференцияның күн тәртібіне оны толық немесе ішінара қайта қарау туралы мәселені енгізу қажеттігін шешеді.

38-бап

1. Егер Конференция осы Конвенцияға толық немесе ішінара өзгерістер енгізетін жаңа конвенцияны қабылдаса, және егер жаңа конвенцияда өзгеше жағдайлар көзделмеген болса, онда:

- а) жаңа, қайта қаралған конвенцияның Ұйымның кез келген Мүшемен бекітілуі, 34-баптың ережелеріне қарамастан, жаңа, қайта қаралған конвенция күшіне енгізілген жағдайда, осы Конвенцияны денонсациялауды өздігінен қажет етеді;
- б) осы Конвенция жаңа, қайта қаралған конвенция күшіне енгізілген

күннен бастап, Ұйым Мүшелерінің бекітуі үшін жабық болады.

2. Осы Конвенция, оны бекіткен, бірақ жаңа, қайта қаралған

конвенцияны бекітпеген Ұйымның Мүшелері үшін нысаны мен мазмұны жағынан өз күшінде қалады.

39-бап

Осы Конвенцияның ағылшын және француз тілдеріндегі мәтіндерінің күші бірдей.

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.